

"Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға Қазақстан Республикасы резидент еместерінің бағалы қағаздарына инвестициялауды жүзеге асыруға келісімдер берудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының 2000 жылғы 24 тамыздағы N 644 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 2000 жылғы 02 қазандағы N 668 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 10 қазанда N 1253 тіркелді . Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 305 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын...

Төраға

К ү ш і ж о й ы л д ы д е п т а н ы л ғ а н
нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

14. "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға Қазақстан Республикасы резидент еместерінің бағалы қағаздарына инвестициялауды жүзеге асыруға келісімдер берудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 2000 жылғы 24 тамыздағы N 644 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2000 жылғы 2 қазандағы N 668 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1253 тіркелген, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық және нормативтік актілер жинағында жарияланған, 2001 жыл, 4 том)...

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның алуына қажетті, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің капитал қозғалысына байланысты операцияларды жүргізуге және валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына өтуі (орын ауыстыруы) көзделген бас лицензиясын алуға қажетті Қазақстан Республикасы резидент еместерінің бағалы қағаздарына инвестициялауды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) келісімін беру процесін оңтайландыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 24 сәуірдегі N 130 V970314_ қаулысымен бекітілген Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау қағидаларының 2.2.-1-тармағы 4) тармақшасының негізінде Ұлттық комиссияның Директораты

Қ А У Л Ы
Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 22 қыркүйекте 1244 V001244_ нөмірмен тіркелген "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға Қазақстан Республикасы резидент еместерінің бағалы қағаздарына инвестициялауды жүзеге асыруға келісімдер берудің тәртібі туралы" Ұлттық комиссияның 2000 жылғы 24 тамыздағы N 644 V001244_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 4-тармақтағы "осы Қаулының 1-қосымшасына сәйкес ресімделетіндігі және оған Ұлттық комиссия Төрағасының немесе оның міндетін атқарушы Ұлттық комиссия атқарушы директорының қол қоятындығы" деген сөздер " Ұлттық комиссия Директоратының қаулысымен ресімделетіндігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-тармақ алып тасталсын;

3) 1-қосымша алып тасталсын.

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның, "Активтерді Басқарушылар қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігінің (оған осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу міндетін жүктей отырып), "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ның және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің назарына жеткізсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппараты Лицензиялау және қадағалау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің және "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның назарына жеткізсін;

2) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына жеткізсін;

3) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы